



Бекітемін:
№39 заңшкі (ауысымды)
Мектеп' КММ директоры
Чижевская Л.Е.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, балаларға қатысты қатыгез қарым-қатынастың және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған бірлескен жұмыс ЖОСПАРЫ

Мақсаты: мектеп оқушыларының қадағалаусыздығы мен құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселелерін кешенді шешу.

Міндеттері:

- ✓ жасөспірімдердің құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- ✓ кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу;
- ✓ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- ✓ әлеуметтік қауіпті жағдайдағы кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық оңалту;
- ✓ жасөспірімдер арасында маскүнемдік пен нашақорлықтың алдын алу;
- ✓ кәмелетке толмағандарға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету;
- ✓ кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу қызметін үйлестіру;
- ✓ кәмелетке толмағандарды кылмыс және қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту фактілерін анықтау және жолын кесу.

№п /п	Іс-шара	Мерзімі	Жауаптылар
І. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, балаларға қатысты қатыгез қарым-қатынастың және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру			
1.	Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құжаттармен танысу бойынша педагогтармен түсіндіру жұмыстарын өткізу.	қыркүйек	Мектеп әкімшілігі.
2.	Қаланың ювеналды полиция органдарында есепте тұрған кәмелетке толмағандардың тізімін қалыптастыру.	жыл бойы	ТЖ жөн.орынбасары, соц.педагог, сынып жетекшілер, ЮП қызметкерлері.
3.	Тәуекел тобындағы кәмелетке толмағандардың жеке тізімін қалыптастыру (әлеуметтік жағдайы нашар ата-аналар, қиын өмірлік жағдайға түскен, өзіне-өзі қол жұмсауға бейім жасөспірімдер және т. б.)	жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, соц.педагог, психолог, сынып жетекшілер.
4.	Алдын алу кеңесінің жұмысы	айына 1 рет	Мектеп әкімшілігі.
5.	Астана қаласы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияна қатысу және шешімдерін орындау.	жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, соц.педагог, психолог, сынып жетекшілер.

6.	Қалалық, мектепшілік есепте, тәуекел тобының есебінде тұрған балаларды жеке әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.	жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, соц.педагог, психолог, сынып жетекшілер.
7.	Мектеп оқушыларының сабаққа қатысуын күнделікті бақылау.	жыл бойы	ТЖ орынбасары, сынып жетекшілер
8.	Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын ұйымдастыру	жыл бойы	ТЖ орынбасары, соц.педагог, психолог
9.	Баланың оқуы мен тәрбиесін бақылауды қамтамасыз етпейтін ата-аналарға шаралар қабылдау	қажеттілікке б-ты	ТЖ орынбасары, сынып жетекшілер, соц.педагог
10.	Барлық есеп түрлерінен тұратын оқушылардың пәтерлеріне бару	жыл бойы	ТЖ орынбасары, соц.педагог, психолог, сынып жетекшілер.
11.	Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды анықтау	қыркүйек-қазан	Соц. педагог, сынып жетекшілер
12.	Оқушылар арасында профилактикалық және құқықтық жұмыстар жүргізу (әңгімелесу, дәрістер, кеңестер, сынып сағаттары)	жыл бойы	ТЖ орынбасары, соц.педагог, психолог, сынып жетекшілер, инспектор.
13.	Қиын өмірлік жағдайға тап болған көмелетке толмағандарға құқықтық көмек көрсету. Жеке жұмыс.	жыл бойы	Инспектор, соц.педагог, психолог
14.	Қазіргі психоактивті заттардың проблемалары, оларды тарату ерекшеліктері бойынша ата-аналар қауымдастығымен өзара әрекеттесу: жиналыстар, әңгімелер, кеңестер.	жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, соц.педагог, психолог, сынып жетекшілер, инспектор.
15.	Балалардың девиантты мінез-құлқымен проблемалары бар ата-аналарға тегін психологиялық және консультациялық көмек көрсету.	жыл бойы	Астана қ. ББ, ЮП қызметкерлері, Психологиялық қолдау орталығы, «Право» ҚҚ, мектеп психологы.
16.	"Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" акциясын өткізу.	қаңтар-ақпан	Мектеп әкімшілігі, соц.педагог, психолог, сынып жетекшілер, ЮП инспекторы.
17.	Көмелетке толмағандар арасында нашақорлық бойынша семинар-тренингтер өткізу.	жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, соц.педагог, психолог, сынып жетекшілер, №3 емхана қызметкерлері
II. Көмелетке толмағандардың жолда жарақаттануының алдын алу бойынша жұмыс			
1.	«Қауіпсіз жол!» акциясын өткізу, оқушыларға жол қозғалысы ережелерін түсіндіру, жолда балалар жарақатының алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру..	тамыз-қыркүйек	Мектеп әкімшілігі, соц.педагог, психолог, сынып жетекшілер, ЮП инспекторы.
2.	Оқушылар арасында жол жүру ережелері туралы әңгіме өткізу.	апта сайын	Сынып жетекшілер
3.	Мектепте және мектеп сайтында жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша ақпараттық инсталляцияларды, инфографиканы орналастыру.	жыл бойы	ТЖ орынбасары, ЮП инспекторы.
4.	Демалыс қарсаңында оқушылар мен ата-аналар арасында жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, психолог, сынып жетекшілер.

III. Кәсіптік бағдар, бос уақыт және сабақтан тыс іс-шаралар. Балалар еңбегінің ең нашар түрлерін жою.			
1.	Әр түрлі есеп түрлерінен тұратын оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруды бақылау.	жыл бойы	ТЖ орынбасары, соц.педагог, психолог, сынып жетекшілер.
2.	Балаларды пайдакүнемдік мақсатта пайдалану жағдайларын анықтау бойынша жұмыс жүргізу.	жыл бойы	ТЖ орынбасары, соц.педагог, психолог, сынып жетекшілер, ЮП қызметкерлері.
3.	Балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне төзбеушілікті қалыптастыру бойынша оқушылармен, ата-аналармен және педагогтармен іс-шаралар өткізу.	жыл бойы	ТЖ орынбасары, соц.педагог, психолог, сынып жетекшілер, ЮП қызметкерлері.
4.	Есепте тұрған балаларды қосымша біліммен қамту және жұмыспен қамту мақсатында қала колледждерімен ынтымақтастық.	жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, колледж өкілдері
5.	Оқудан және демалыс уақытында жұмыс істеуге ниет білдірген жасөспірімдерді жұмысқа орналастыру.	жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, Астана қ. Еңбекпен қамту орталығы, ІІМ ЖПҚ, Білім басқармасы
6.	Мәдениет қайраткерлерінің, атакты спортшылардың қатысуымен жасөспірімдерді спорттық, мәдени және ойын-сауық іс-шараларына тарту.	жыл бойы	ТЖ орынбасары, соц.педагог, сынып жетекшілер, ЮП инспектор.
7.	Жасөспірімдерді қаланың клубтары мен спорт секцияларына тарту.	жыл бойы	ТЖ орынбасары, соц.педагог, сынып жетекшілер.
8.	Экскурсиялар ұйымдастыру, театрлар мен киноларға бару	жыл бойы	ТЖ орынбасары, сынып жетекшілер.